**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Тексерілді:** Убайд

**Білім беру ұйымы: №8 орта мектебі**

**Мектепалды сыныбы:** МАД"А"

**Балалардың жасы :** 5жас

***Жоспардың құрылу кезеңі :*** 18.03 - 20.03. наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Мамбетова.К.Ж.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет) | | | | |
| | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Міндеті:** Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық жел, жаңбыр, бұлтты).<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Шығармашылық үзіліс.** «Алғашқы гүлдер»<br>**Міндеті:** Бақылай отырып сурет салуға үйрету.. Композиция жасау дағдысын дамыту, заттардың өзара үйлесімді болуына көңіл аудару, іздену<br>**Барысы:** Балалар көктем гүлдерінің суреттерін салады.<br>**(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).** | **Еркін ойын:** «Жарнама»<br>**Міндеті:** Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру<br>**Ойын барысы:** Балалар азық түліктерді өз қалауларымен бөліп алып олардың адам ағзасына пайдасын айтып жарнамалайды<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту)** | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Ата-аналармен бала денсаулығы,баланың | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес,әңгімелесу** | үйдегі күн тәртібі,жетістіктері туралы әңгімелесу. | емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | беру | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **№31.Д/О: «Не қайда тұр?»**<br>**Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа<br>**Ойынның барысы**: Педагог бөлме ішіндегі заттарды сипаттап айтады. Балалар затты сипаты бойынша тауып атайды.Екінші айналымда ортаға шыққан бала сипаттап айтады,қалған балалар затты табады. Балалар аты аталған затты алып келеді, және қайда тұрғанын анықтап айтады.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **№99.Д/О: «Бұл қай жануар?»**<br>**Міндеті:** Төрт түліктің пайдасын біліп, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттауға үйрету<br>**Ойынның барысы:**Балаларға жапсырмалы төрт түлік жануарлардың суреттері беріледі. Балалар олардың төлдерін,пайдасы, тіршілік етуі туралы сипаттап қажеттіі суреттерді тауып жабыстырады.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **№4.Д/О: «Айна»**<br>**Міндеті:** Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға баулу<br>**Ойынның барысы:**<br>Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **№94.Д/О: «Жыл мезгілдері»**<br>**Міндеті:** Жыл мезгілдеріне сәйкес табиғат құбылыстарының өзгерісі туралы сипаттай білуге үйрету<br>**Ойынның барысы:**<br>Сурет бойынша балалар | **№102.Д/О:**<br>**«Қандай дыбыс барлық сөзде бар?»**<br>**Міндеті:**фонематикалық қабылдауын дамыту және дыбыстық талдаудың элементтерін: сөзде берілген дыбысты белгілеу, бірінші және соңғы дыбысты анықтау.<br>**Ойынның барысы:** Педагог үш – төрт, барлығында бірдей дыбыс бар, сөздерді | **№51.Д/О: «Қашан қайда бардың,не көрдің?»**<br>**Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>**Ойынның барысы:** Балалар шеңбер құрып тұрады. Педагог балаларға сұраққа жауап беру кезінде апта күндерін, тәулік бөліктерін қосып | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдың қай мезгілі екенін және әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | айтады: шана, ағаш, күшік, қолшатыр – сұрақ қойылады, барлық сөздерде қандай бірдей дыбыс бар? Балалар ш дыбысын айтады.<br>Сосын басқа дыбыстарға сөздер беріледі: жаңғақ, ожау, тәж – ж; чемодан, чемпион – ч; асық, сағат, тас, сүлгі - с; аяз, қазық, з – лалагүл, лақ, балық, қол – л; ара, арба, раушан, қар – р;<br>Педагог дыбыстың дұрыс айтылуын қадағалайды.<br>**( Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | айтуды ұсынады.Педагог допты лақтырып: «Қашан қайда бардың,не көрдің?» деген сұрақты қояды. Қағып алған бала жауап береді. Мен кеше сейсенбі күні таңертең досыммен футбол ойнадым.т.с.с<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту )** | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған , іс-әрекет** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері.<br>**3**.Музыка<br>**4**.Көркем әдебиет | 1. Сөйлеуді дамыту<br>2. Қоршаған ортамен таныстыру<br>3. Қазақ тілі.<br>4. Дене шынықтыру | **1**. Көркем әдебиет.<br>**2**.Сауат ашу негіздері.<br>**3**.Математика негіздері.<br>**4**.Денешынықтыру. | | |
| | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Қолды жазуға дайындау.<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br><br>**№172.Д.О. «Көрікті көктем»**<br>**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуге баулу, | **1.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Тілдің көркемдігін сезіну (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br><br>**№27.С/р о. «Шалқан ертегісін айтайық»**<br>**Міндеті:** Тілдің көркемдігін сезіну (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Ойын барысы:** Ертегі мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен қисынды қайталап айтып береді. және ертегіні сахналайды.<br>**Сюжетті-рөлді ойын:** «Дүкенші»<br>**Міндеті:** Тілдің көркемдігін сезіну | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**№141.Д.О. «Үзік сызықтар»**<br>**Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі | әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөлу.<br>1-топ көктем мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>2-топ көктем мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**№181.Д.О. «Жалғастыр»**<br>**Міндеті:**Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Ойын барысы:**<br>Берілген сөйлемді жалғастырып айт.<br>-Жайнаған гүлдерді көргенде... .<br>-Сынған бұтақтарды көргенде... .<br>-Жарқыраған күнді көргенде... .<br>-Жымыңдаған жұлдыздарды көргенде... .<br>-Құстардың даусын естігенде... .<br>-Жап-жасыл шөптерді көргенде... .<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері: Жануарлар әлемі.** Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.<br>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау. | (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**№№140.Д.О. «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»**<br>**Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе карандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау.<br>Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға артқа.<br>**№5.Д.О.** «Не өзгерді?» | жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.<br>**№47.Д.О. «Төлін тап»**<br>**Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау. жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**<br>**№45.Д.О. «Қайсысы қалай дыбыстайды?»**<br>**Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау. жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.<br>**Ойын барысы:** Педагог үй жануарларының суреттерін көрсетеді. Балалар олардың атауын тауып, қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкімдік беру. | штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br><br>**3.Математика.**<br>**Міндеттері:**Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**№75.Д.О. «Зейінді бол»**<br>**Міндеті:** Уақытты бағдарлау.<br>**Ойын барысы:** Егер дұрыс болса балалар алақандарын шапалақтайды. Егер дұрыс болмаса аяқтрын топылдатады.<br>.Біз таңғы асымызды кешкі 7-де ішеміз.<br>Біз мектепке күндізгі сағат 3-те келеміз.<br>Біз түнде серуендейміз.<br>Біз түнде ұйықтаймыз.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**<br>**№93.Д.О. «Нүктелерді жалғастыр»**<br>**Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар нүктелерді қосу арқылы арыстанның бейнесін шығарады. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлау.<br>Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға артқа.<br>**Ойын барысы:**<br>Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>**Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**№7.Д.О. «Ойыншықты тап»**<br>**Міндеті:** Кеңістікті бағдарлау.<br>Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға артқа.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен | **№188.Д/О:** « Кім шапшаң?»<br>**Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру<br>**Ойын барысы:** Балалар үстелді айналып билеп жүреді. Музыка тоқтағанда орындықтағы суретті алып үлгерген балалар сол сөзге жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдану арқылы сөйлем құрастырады<br>Құлын, қозы ,мектеп, қалам,сағат,доп<br>Мен құлынға су бердім (жіктеу,септеу)<br>Менің қара қозым бар (тәуелдеу)<br>**№189.Д/О** « Мен бастайын сен жалғастыр»<br>**Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру<br>**Ойын барысы** :Педагог балаларға үнтаспадан әңгіме тыңдатып хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге келгенде тоқтатып балалардың зейінін аудартады. Балалар әңгімедегі сөйлемдерді естеріне сақтап хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қайталайды.<br>Педагог балаларға сөйлем айтады балалар сол сөйлемді интонация арқылы хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемге айналдырады<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Міндеттері:**<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды** | <br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>**Міндеттері:**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>.Бір тізбекпен жүру;<br>.Шашырап жүру;<br>.Секіру: бір орнында тұрып секіру, айналу.<br>.Оң аяқ және сол аяқты алмастырып | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс жүріп ойыншықты табады.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**<br>**3.Музыка.**<br>**Міндеттері:**Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бинелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Балаларға «Қаражорға» биін билету.<br>**Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Қара жорға» биі.<br>«Қара жорға» биін буын биі деп те атайды. Яғни, би билегенде бүкіл буындар қозғалысқа түсуі керек. Екі иықты қолдың буындарын, аяқтың буындарын, белді түгел | **жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>**Педагог:**<br>-Қолды неге жиі жуамыз?<br>-Тісті неге тазартамыз?<br>-Апта сайын неге жуынамыз?<br>Сендер үнемі моншада, ваннада жуынасыңдар, таза киім киесіңдер, аяқкиіміңді таза ұстайсыңдар, демек сендер тазалық сақтайсыңдар. Жеке басыңның тазалығын сақтау сенің дұрыс өсуіңе және дамуыңа, әртүрлі аурулардан сақтануыңа көмектеседі. Әрбір отбасы мүшелерінің өзінің жеке тұтынатын заттары болады. Әр адам жеке басының тазалығын үйде де, мектепте де сақтауы керек.<br>-Әр адамның жеке тұтынатын заттарын атаңдар. Неге олай екенін түсіндір.<br>-Жеке бас тазалығын сақтаудың қандай ережелерін білесіңдер?<br>-дұрыс тамақтану.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**№24. Д.О. «Жақсы-жаман»**<br>**Міндеті: Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға | секіру.<br>.Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 инут).<br>.Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**№2. Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Міндеті:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылға келтіреді. Би өте жылдам емес, орташа екпінде орындалады.<br>**(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**<br>**4.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Тілдің көркемдігін сезіну (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br><br>**№27.С/р о. «Шалқан ертегісін айтайық»**<br>**Міндеті:** Тілдің көркемдігін сезіну (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Ойын барысы:** Ертегі мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен қисынды қайталап айтып береді. және ертегіні сахналайды.<br>**Сюжетті-рөлді ойын:** «Дүкенші»<br>**Міндеті:** Тілдің көркемдігін сезіну (эпиттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Ойын барысы:** Балалар | допты лақтырып, "Тамақ ішпей жүру" , «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар **«жақсы»** немесе **«жаман»** деп баға беріп, допты педагогке қайтарады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Физикалық қасиеттерді дамыту)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | | |
| **Серуен** | **Серуен №6.**<br>**Қарды бақылау**<br>**Міндеті:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету. Өлі табиғаттағы (күн-қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз "Бұл қай кезде болады"**<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп.<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашып.<br>Гүл,бәйшешек басады.<br>Бөбектерім,айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**Тәрбиешінің сұрақтары:**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>Неге бұл жердің қары еріп жатыр.<br>**Халық болжамдары**<br>Қар ұлпалары ірілене- | **Серуен №7.**<br>**Шырша ағашын бақылау**<br>**Міндеті:** Ауылымызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру.Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру.Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз "Жасыл шырша"**К.Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін жасыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен,жасыл шырша.<br>Өзгерммейсің қыс келсе де,<br>Бояуыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып,тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>**Тәрбиешінің сұрақтары:**<br>Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>Шырша ағашы туралы жұмбақ білесіңдер ме?<br>**Тәрбиеші әңгімесі:** Шырша ағашы адамға өте ұнамды,қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтарымен безендіріп,жаңа жылды қарсы аламыз.Өкінішке орай,біздің осындай | **Серуен №8.**<br>**Су тамшыларын бақылау**<br>**Міндеті:**Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз "Сүңгілер"** А. Мендібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап.<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырыс-тырыс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Еңбек**<br>Кішкетайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>**Міндеті:** Кішкетайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу,өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:"Аяғыңды сулама"**<br>**Міндеті:** Қозғалыс координацияларын дамыту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күннің жылынуын күт,қараторғай келсе көктемді қарсы ал.Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды.Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп,жер бусана бастайды.Аяққа басқан қар тапталып,кешкі аязбен қатқақ пайда болады.Бірақ бұл ұзаққа созылмайды.<br>**Еңбек**<br>Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>**Міндеті:** Бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>**Қ/О:"Қояндар мен аңшылар"**<br>**Міндеті:** Қуушылардан қашып құтылуларын,тез жүгіре білулерін дамыту. | қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады.Қазір шыршаны кесіп,бүлдірмес үшін,жасанды шыршалар шығарылады.<br>**Еңбек**<br>Шырша ағашының айналасын тазалау.<br>**Міндеті:** Бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>**Қ/О:"Доппен ойын"**<br>**Міндеті:** Қозғалыс координацияларын дамыту. | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сюжетті рөлді ойын:**<br>**« Отбасы »**<br>**Міндеті:** Киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын(бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерінің мағынасын түсініп қолдана білуге баулу | **№67.Д/О:**<br>**« Үйшік»**<br>**Міндеті:** Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға үйрету<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларды «Үйшік» ойынын ойнауға шақырады: өз қолындағы құстың суретімен педагогтің қолындағыдан құстан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады.<br>Б: Түк-түк. Үйшікте қай құс тұрады?<br>П: Бұл – мен, қарлығашпын Өзіңше?<br>Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе.<br>П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір- | **Сюжетті рөлді ойын:** « Үш аю» ертегісі желісі бойынша<br>**Міндеті:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру<br>**Ойын барысы:** Балалар үш аю ертегісі желісі бойынша рольге бөліп ойнайды. Балалар үш аюдың үйіне қоқаққа келеді. Дастархан мәзірін дайындап мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын қолдану үлгісін көрсетеді.<br><br>**(Физикалық , коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Балалар ойынды ұлттық бұрышта ойнайды. Балалар ата, әже, ана, әке, аға, апа, әпке, іні, нағашы, жиен, қарындас болып рөлдерге бөлінеді. Ойын шарты бойынша ата балаларды киіз үйді құруға шақырады. Әже үйге нағашы жиен, әпке, ағалардың қонаққа келетінін айтып дастархан дайындауды тапсырады. Дастарханға қойылған тағамдарды аттарын қатыстырып балалар сөйлем құрастырады. – Әже құртыңыз өте дәмді екен. Анашым, шұбат құйып бересіз ба? Әке ағатайым екеуміз арқан тарту ойынына қатыстық. т.с.с<br><br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | бірімізге ұқсаймыз деуің керек.<br>Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен дәнмен қоректенемін, сен де..<br>П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер.<br>Б: Сен қарлығашсың, жыл құсысың. Ал мен қыстайтын құспын. Бір-бірімізге түріміз ұқсамайды. Балалар тырна, торғай, сауысқан, көгершін,суықторғай, аққу,қараторғай болып ойынды жалғастырады<br>(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)<br>**Міндеті:** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Нұржанмен жеке жұмыс.**<br>Ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуға, онда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, | **Сұлтанмен жеке жұмыс.** Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету.<br>**5-Ш.16 Жапсыру** | **Бексұлтан және Ұлжанмен жеке жұмыс.**<br>Қағаз бетінде бағдарлай білуге, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауға үйрету.<br>**5-Т.5 Математика** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | икемділік, ептілік көрсетуге үйрету.<br>**5-Ф.3 Дене шынықтыру** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға балаларға ертегі оқып беру барысында ертегінің тәрбиелік мағынасын ашып берудің маңызын айту. | Балаңызбен ертегіні рольге бөліп ойнау баланың шығармашылық қабілетін ашады. | Балаңызға жиі-жиі ертегі оқып беру сөздік қорының молаюына әсері етеді. | | |